

Жезқазған облысының Приозерск қаласына мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қарашадағы N 1354 Қаулысы

Шағын және орташа қалаларды қолдау бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде, сондай-ақ 1996-1997 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіне дайындық жүргізу мақсатында

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жезқазған облысының әкіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше жағдайларда қаржыландыруға арналған резервтік қорынан Приозерск қаласын қысқа дайындау үшін қосымша 150 (жүз елу) млн. теңге бөлінсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 10 маусымдағы N 271 ө к і м і ;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 13 тамыздағы N 383 ө к і м і .

3. *Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.*

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы - бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі